

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 қыркүйек N 1372

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Z970136_ Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамы құрылсын.

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамын құрудың мақсаты және оның қызметінің негізгі түрлері:

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарын жинау және оны зейнетақы алушыларға төлеу;

Зейнетақы активтерін қалыптастыру және оларды мемлекеттік құнды қағаздарға, мемлекеттік банктердің депозиттеріне, халықаралық қаржы ұйымдарының құнды қағаздарына инвестициялау болып табылады.

2. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамының құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

3. "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталы 10 миллион теңге мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамына жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан 10 (он) миллион теңге бөлсін.

4. <*>

Ескерту. 4-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.27. N 837

қаулысымен. Р020837_

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамының Байқаушы кеңесінің құрамын бекіту туралы ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамын құру жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізсін.

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды ұйымдарды тіркеу жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіпке сәйкес "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамын мемлекеттік тіркеуден

еткізсін.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мұлік пен активтерді басқару департаменті 1997 жылғы 1 қарашаға дейін "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамын Алматы қаласында қызметтік үй-жаймен қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің ұлттық зейнетақы агенттігі, зандармен белгіленген тәртіппен, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамына лицензия беретін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы